

**«Бекітемін»**  
**«Мектепке дейінгі балалық шақ»**  
**Республикалық орталығы**  
**директорының м.а.**  
**О.Кумисбекова**  
\_\_\_\_\_ **2019 ж.**



**«Тәуелсіздік – ел тұғыры» республикалық (сырттай)  
балалардың мәнерлеп оқудан байқауын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже «Тәуелсіздік – ел тұғыры» республикалық (сырттай) мәнерлеп оқудан балалар байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын анықтайды.

2. «Тәуелсіздік – ел тұғыры» байқауы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру аясында «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының (бұдан әрі – Орталық) 2019 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

3. Байқау мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалар бойына көркемсөз арқылы туған еліне мақтаныш, сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

4. Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттері мен сөйлеу белсенділігін жүзеге асыру;

- өлең оқу кезінде көркем сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

- ата-аналар қоғамын білім беру әрекетіне тарту.

**2. Ұйымдастыру және шарттары**

5. Байқауды ұйымдастырушылар «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы, облыстық, аудандық (қалалық) білім басқармалары болып табылады.

6. Ұйымдастыру комитеті аудан, облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының деңгейінде құрылады.

7. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең – аудандық (қалалық);

2) екінші кезең – облыстық;

3) үшінші кезең – республикалық

8. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңінің Бас жүлде иегерлері Байқаудың республикалық кезеңіне жіберіледі.

9. Байқаудың республикалық кезеңіне қатысушыларды тіркеу үшін білім басқармалары «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығына келесі байқау материалдарын тапсыруы тиіс:

1) облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық білім басқармаларының ілеспе хаты;

2) берілген кестеге сәйкес байқауға қатысу туралы өтінім (1-қосымша);